



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Аз сөйлеп, көп іс тындыру керек

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектенов Ұлттық экономика, Қаржы, Төтенше жағдайлар және Денсаулық сақтау министрліктерінің жаңа басшыларын таныстырды.

Үкімет басшысы жаңадан тағайындалған Премьер-министрдің орынбасары –

жағдайлар министрлігінің ұжымына таныстырып, Премьер-министр ведомство жұмысының негізгі бағыттарын атап өтті.

«Жақында ғана Алматыда Мемлекет басшысы жер сілкінісінен кейін министрлікке нақты сын айтты. Төтенше жағдайлар ми-



Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаровқа ведомство алдында ауқымды және амбициялық міндеттер тұрғанын атап өтті.

«Ұлттық экономика министрлігін реформалар мен экономикалық серпіліске қол жеткізу бойынша алға қойылған міндеттерді жүзеге асырудағы негізгі күш деп айтуға болады. Бұған қажет барлық ресурстар бар деп ойлаймын. Ең бастысы, министрлікті формализмсыз, бюрократиясыз, қажетсіз жиындарсыз белсенді жұмыс істеуге бағыттағым келеді. Аз сөйлеп, көп іс тындыру керек», деді Олжас Бектенов. Мәді Такиевті Қаржы министрлігінің ұжымына таныстыру барысында Премьер-министр ведомствоны мемлекеттік басқарудағы маңызды органдардың бірі екенін атап өтті. «Сол себепті Мемлекет басшысы да, Премьер-министр ретінде мен де Қаржы министрлігінің барлық бағыттар бойынша нақты, белсенді жұмыс атқаратынына сенеміз», деді Олжас Бектенов.

Шыңғыс Әріновті Төтенше

нистрлігінің алдында төтенше жағдайларға жедел әрекет ету және алдын алу жүйелерін жаңғырту бойынша өте маңызды міндеттер тұр. Президент қойған міндеттерді Шыңғыс Сайранұлы абыроймен орындайды деп ойлаймын», деді Үкімет басшысы.

Олжас Бектенов Денсаулық сақтау министрлігінің ұжымына Ақмарал Әлназарованы таныстыру кезінде оның тәжірибесі мен жоғары кәсіби біліктілігін атап өтті.

Министрліктің алдында денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту және одан әрі оның тиімділігін арттыру міндеті тұр.

«Бұл – мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыты. Денсаулық сақтау жүйесін жаңа деңгейге көтеру үшін бәріміз бірігіп жұмыс істеуіміз керек. Біз бұған жан-жақты көмектесеміз», деп түйіндеді Олжас Бектенов.

Премьер-министр Үкіметтің жаңа құрамына еңбеген барлық бұрынғы министрлерге атқарған жұмыстары үшін алғысын білдірді.



Президент Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысына қатысты

Мемлекет басшысы өз сөзінде Қазақстанды озық елге айналдыру қажеттігін айтып, бұл жай ұран емес, нақты жоспар екенін атап өтті. «Бізге керегі–дамудың сара жолы. Сондықтан түбегейлі саяси реформалар жүргізумен қатар, еліміздің қоғамдық-экономикалық өмірінде терең өзгерістер жасау үшін батыл шаралар қабылдауымыз қажет. Ең бастысы, біздің барлық іс-әрекетіміз «Әділетті Қазақстан» құру қағидатына сай болуға тиіс. Алдымен, еліміздің әлеуметтік-экономикалық саясатына жаңа серпін беру керек, яғни, экономиканың барлық саласын дамыту, ынталандыру жолдары мен алдағы міндеттерді қайта қарау қажет. Түптеп келгенде, мемлекет енді үздіксіз қолдау шараларынан нағыз сапалы дамуға қолғабыс ету ісіне түбегейлі көшуі керек. Бұл жұмысты сөз жүзінде емес, іс жүзінде орындайтын уақыт жетті», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Салық және Бюджет кодекстері, Мемлекеттік сатып алу, сондай-ақ Мемлекет пен жекеменшік әріптестігі туралы заңнамалар мүлде жаңаша сипатқа ие болғанына назар аударып, мұның бәрі Жаңа экономикалық саясатты жүзеге асырудың мықты тірегі болуға тиіс екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, алдымызда тариф саясатындағы кедергілерді жою, агросекторды қайта жандандыру, әлеуметтік саланы басқару мен қаржыландырудың тиімді тәсілдерін әзірлеу міндеті тұр.

«Бұл жерде, әрине, ең алдымен, Үкімет маңызды рөл атқаруға тиіс. Жаңа қарқынмен жұмыс істеу қажет. Маңызды шешімдерді шұғыл қабылдап, көп созбай, шешуші қадамдарды жасауы керек. Үкімет өз қызметінде кәсібилік, жауапкершілік, жеделдік және бастамашылдық сияқты қасиеттерді ұштастыруға тиіс. Үкімет экономиканы халқымыздың игілігі үшін ынталандыруға және әртараптандыруға бағытталған батыл әрі табанды шешімдер қабылдауы қажет. Бұл міндеттің маңызы зор және ол стратегиялық сипатқа ие», деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзін қорытындылай келе, «Аманат» партиясы ұсынған кандидатты Мәжілістегі партиялар фракцияларының жетекшілерімен талқылағаннан кейін ортақ шешімге келгенін айтып, Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3-тармақшасына сәйкес Премьер-Министр лауазымына тағайындауға келісу үшін Олжас Бектеновтің кандидатура-

сын ұсынды.

«Олжас Бектенов – тәжірибелі мемлекеттік қызметші. Оның Қазақстан экономикасы және басқа да салалар бойынша білімі мол, ұйымдастыру қабілеті жоғары, өзі – тәртіпті, адал, еңбекқор азамат. Сондықтан ел экономикасының алдында тұрған мақсаттарды жүзеге асыруға қабілеті жетеді деп ойлаймын», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиында Парламент Мәжілісіндегі «Аманат», ЖСДП, «Ақ жол», ҚХП, «Respublica», «Ауыл» партиялары фракцияларының жетекшілері сөз сөйледі. Содан кейін депутаттар Үкімет басшысының жаңа кандидатурасын дауысқа салды: 69 депутат қолдап, 7 халық қалаулысы қалыс қалды. Мемлекет басшысы Премьер-Министр лауазымына ұсынылған кандидатураны қолдағаны үшін Мәжіліс депутаттарына ризашылығын білдірді.

Жаңадан тағайындалған Премьер-министр Олжас Бектенов сенім артқаны үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа және Парламент Мәжілісінің депутаттарына алғыс айтып, Үкіметке жүктелген міндеттерді атқаруға бар күш-жігерін салатынын жеткізді.

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде АЕК мөлшері (3 692 теңге) өсті.

Бала туғанда берілетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы республикалық бюджет есебінен беріледі. Биыл бірінші, екінші, үшінші балаға – 38 АЕК (140 296 теңге), төртінші және одан кейінгі балаларға 63 АЕК (232 596 теңге) беріледі. Ал отбасында егіз, үшем, төртмә дүниеге келсе, біржолғы мемлекеттік жәрдемақы әр сәбиге жеке төленеді.

Бұрын бала күтіміне байланысты ай сайынғы жәрдемақы сәби бір жасқа толғанға дейін төленіп келді. 2023 жылдың қаңтарынан бастап осы төлем 1,5

Декреттегі ананың жәрдемақысы қанша?

жылға ұзартылып, былтыр 1 қаңтардан кейін туған балаға бірден 1,5 жылға тағайындалды. Бұл жәрдемақы балаға қарайтын және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатыспаған, жұмыс істемейтін әйелдер мен ерлерге тағайындалады. Биыл бірінші балаға – 5,76 АЕК (21 265,92 теңге), екінші балаға – 6,81 АЕК (25 142,52 теңге), үшінші балаға – 7,85 АЕК (28 982,2 теңге), төртінші және одан кейінгі балаларға 8,90 АЕК (32 858,8 теңге)

беріледі. Декретке дейін жұмыс істеген аналардың бала күтіміне байланысты алатын ай сайынғы әлеуметтік төлемі бөлек есептеледі. Оның көлемі бала туғанға дейін кейінгі екі жылдағы орташа айлық табыстың 40 пайызын құрайды.

Бұл ретте «төлем қалай есептеледі?» деген заңды сұрақ туындайды. Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, жүктіліктің 30-шы аптасы басталған сәттен ана елімізде декреттік

демалысқа шыға алады. Декретке шыққан кезде жұмыс істейтін аналар төрт және одан да көп айға еңбекке жарамсыздық парағын алады, оған сәйкес оларға жүктілігі мен босануы бойынша біржолғы әлеуметтік төлем есептеледі.

Жүкті аналарға арналған әлеуметтік жәрдемақылар мен төлемдердің барлығын eGov порталы арқылы рәсімдеуге болады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Қазатомөнеркәсіп атом саласындағы ғылыми-зерттеу әлеуетін арттыруда

Өскемен қаласында «Үлбі металлургия зауыты» АҚ («Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ) АҚ-ның еншілес ұйымы) мен ҚР Энергетика министрлігінің «Ядролық физика институты» РМК арасындағы өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды. Тараптар Қазақстанның атом саласын дамыту жолындағы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер бойынша өзара тиімді ынтымақтастық туралы мәлімдеді.

Меморандум бастамаларды қарау және нақты жоба-

өндірушілер нарығына қатысушылардың шектеулі тобына кіруіне мүмкіндік берді. Біздің жемісті ынтымақтастығымыз бен біріккен ғылыми әлеуетіміз нақты нәтижесін беріп, отандық экономикаға зор үлес қосатынына сенімдімін», - деп атап өтті «Үлбі металлургия зауыты» АҚ басқарма төрағасы Сергей Бежецкий.

Ядролық физика институты – Қазақстанның атом саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер мен кадрлар даярлайтын жалғыз орталық. Бүгінде 600-ден



ларды іске асыру үшін екі жақтан да ғалымдар қатысатын жұмыс тобын құруды көздейді.

Атап айтқанда, тараптар Үлбі металлургия зауытындағы өндірістік циклге Ядролық физика институтының әзірлемелерін енгізу, бериллий және бериллидтерден (титан, хром, тантал, молибден және т.б.) ядролық реактордың ірі компоненттері мен жаңа зерттеу реакторы үшін пластиналы жылу бөлетін құрамаларды жасау мүмкіндігін талқылады.

Үлбі металлургия зауыты – әлемде танымал уран, бериллий, тантал және ниобий өнімдерін өндірушілердің бірі. Кәсіпорынның бір өнеркәсіптік алаңында үш ірі өндірісі жұмыс істеп тұр. Олардың сынақ, ғылыми орталықтары, жобалау-конструкторлық институты, бірқатар қосалқы өндірістері, жылу бөлетін құрамаларды өндіретін еншілес кәсіпорны «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС мен атом және тау-кен өнеркәсібіне арналған стандартты емес жабдықтар шығаратын «Машзауыт» ЖШС-і бар.

«Біздің кәсіпорындарымыздың жұмысы толығымен бейбіт атомды пайдалануға негізделген. Зауыт аумағында АЭХА Төмен байытылған уран банкі ашылды. Сондай-ақ, біздің зауытта Ұлттық ядролық орталықтың сәулеленбеген жоғары байытылған ядролық материалының жекелеген партиясын төмен байытылған ядролық материалға қайта өңдеу жобасы жүзеге асырылды. Біз жылу бөлетін құрамалар шығаратын зауытты – серпінді инновациялық жобаны іске қостық, бұл Қазатомөнеркәсіптің АЭС-ке арналған отын

астам маманды біріктіріп отырған орталықтың кең ғылыми-техникалық базасы, ВВР-К зерттеу реакторы, оқу орталықтарының, бөлімдердің, зертханалардың, техникалық қызметтердің дамыған құрылымы бар.

«Ядролық физика институты – Қазақстан Республикасының радиациялық және ядролық технологиялар саласындағы жетекші ұйымы, ол сондай-ақ әлемнің жетекші ғылыми-зерттеу институттарының пулына кіруге ұмтылады. Соңғы жылдары ол Қазақстанның ғылыми-зерттеу институттары арасында халықаралық басылымдардағы жарияланымдар саны бойынша бірінші орында келеді. Мұндағы ядролық және радиациялық қондырғыларда жоғары білікті кадрлар жұмыс істейді, соның арқасында ФЗТҚЖ жоғары сапалы деңгейде жүргізіледі. Институттың істәжірибе базасын кеңейту жоспары бар. Атап айтқанда, медициналық радиоизотоптар өндіру және ғылымда қолдану үшін жаңа үдеткіштер құру, ядролық құзыреттерді сақтау және арттыру үшін жаңа зерттеу реакторын салу жоспарланған», - деді «Ядролық физика институты» РМК бас директоры Саябек Сахиев.

Үлбі металлургия зауыты базасында Қазатомөнеркәсіптің технологиялық мүмкіндіктері мен Ядролық физика институтының ғылыми-эксперименттік мүмкіндіктерін біріктіру Қазақстанның атом энергетикасы саласындағы ғылыми қызметті ілгерілету үшін жаңа көкжиектер ашады.

Нұржамал МАЙУСОВА.



ӨТКЕН ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАР МЕН АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ ТЫҢДАЛДЫ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық полиция бөлімінің өткен жылы атқарылған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері тыңдалды.

Жиынға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудан прокуроры Ержан Қожабеков, тиісті бөлім, мекеме басшылары, ауылдық округтер мен кент әкімдері, құқық қорғау органдары және жеке құрам қатысты.

Мәжілісті аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков ашып, жүргізіп отырды. Жиынның күн тәртібіндегі мәселе бойынша аудандық полиция бөлімінің басшысы, полиция подполковнигі Жасұлан Нысанбаев хабарлама жасап,

бөлімнің атқарған жедел-қызметтік жұмыстары мен оның қорытындысы жөнінде кеңінен баяндады. Сондай-ақ биылғы жылы сала бойынша орын алған кемшін тұстардың орнын толтыруға басым бағыт берілетінін жеткізді.

Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы қоғамдық қауіпсіздікті күшейту және жасөспірімдер арасындағы қылмыстардың алдын алумен тек полиция бөлімінің мамандары ғана емес, жалпы қоғам болып күресу керектігін айтты. Сонымен қатар, жол көлік оқиғасы, ақпараттық жүйені пайдалану арқылы іске асып отырған интернет алаяқтық сын-

ды қоғамдағы бірқатар өзекті мәселелердің жай-жапсарына тоқталып өтті. Бұл жөнінде тиісті мамандарға нақты тапсырмалар жүктелді. Орталық маңызы бар көшелерге, әлеуметтік нысандардың алдына және елді мекендердің ішінен өтетін үлкен жолдарға бейне бақылау жүйесін орнатуды қолға алып, алдағы уақытта полиция бөлімінің қызметкерлері мен кент, округ әкімдерінің жұмыс барысында бір-бірімен тығыз байланыста болуын ескертті.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Сазгер, әнші Әділбек Нысанбаевтың туғанына 70 жыл

Қаратаудан ұшқан ән...

Осындай тақырыппен С.Қожанов атындағы Созақ аудандық музейінде көрнекті сазгер-әнші, Созақтың аяулы перзенті Әділбек Нысанбаевтың туғанына 70 жыл толуына арналған еске алу кеші өтті. Қазақстан авторлар қоғамының мүшесі, ұлттық ән өнеріне мол мұра қалдырған, жүзден аса әннің авторы, республикалық, облыстық өнер байқауларының жүлдегері Әділбек ағаның

мектебінің ұстаздары шерткен күйлері, жырықмар жасөспірімдер оқыған жыр шумақтары кешті өнер мерекесіне айналдырды. Қаламгерлер Б.Айдарбеков, М.Қарғабай, Қ.Мыңжан ағамыздың жары А.Мырзатайқызы, аудандық білім бөлімінің өкілі Е.Досболов, шығармашылық үйінің директоры Ж.Бекпенбетов, ардагер ұстаз М.Иманбековтер сазгер жайлы естеліктерімен бөлісіп,



есімін ұлықтауды, талантына құрмет көрсетуді мақсат еткен кеш ән қалықтаған, күй тербеген іс – шараға айналды. Сазгердің ауылдастары, ізбасарлары, шәкірттері, ауыл жастары, БАҚ өкілдері қатысқан кешті музей басшысы Н.Дүйсенбек ашып, сазгердің ғұмыр жолын тілге тиек етіп, іс – шараның мақсаты жайлы әңгімеледі. Созақтық танымал таланттар Кенжебай Шал, Сәуле Аппазова, Мархабат Бейсенова, Маржан Тоқсанбай, жас өнерпаз Досмет Ахмет орындаған сазгердің әсем әндері, талантты күйші Ергали Жүзбай, А.Жұбанов атындағы саз

сағынышқа толы лебіздерін білдірді. Осы орайда кешті өткізуге атсалысқан аудандық білім бөліміне, Т.Әлімқұлов атындағы лицей – интернаттың, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің, А.Жұбанов атындағы саз мектебінің ұжымдарына шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Ескірмейтін сұлу да сазды әндерімен ел есінде мәңгі жасайтын Ә.Нысанбаев ағамызды еске алу кеші осылай өтті. Игі шаралар жалғасын таба берер деген ойдамыз.

Гүлнар ӨМІРБЕК.

КӘСІП ТҮБІ-БЕРЕКЕ



өз үлестерін қосып келеді. Тіпті, елдің болашағына сенім білдіріп, айқын мақсаттар қоя білуде. Сондай-ақ, әлеуметтік өркениетті қоғам қалыптастыруға нақты шешімдер қабылдап, кәсіптерін дөңгелетіп, сөзден іске көшкен.

Сондай кәсібін ашып, нәсібін жеп отырған Шолақорған ауылының тұрғыны Абуов Мағжан.

Жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыруға арналған мемлекеттік грант алып, автокөлік дөңгелектерін желімдеу орынын (вулканизация) ашып, халыққа қызмет көрсетіп отыр.

2023 жылы 1 млн 380 мың теңге грант қаржысына өз кәсібіне қажетті құрал-жабдықтарын алып, кәсібін дөңгелетіп отыр. Көрсететін қызмет ақысы да басқалармен салыстырғанда халықтың қалтасына қонымды.

- Өз кәсібімді ашуға 2-3 жыл дайындалып, құжаттарымды әзірледім.

Менің басты мақсатым халыққа сапалы және адал қызмет етіп, ризашылығын алу. Адал табыстың берекесі болады, - дейді жас кәсіпкер.

Осындай қолынан іс келетін жастарға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіп, масылдыққа емес, еңбекке баулуға үйрету керекпіз.

-Кәсібіне береке берсін!-деген тілегімді білдірдім.

Біржан САРЖАНОВ.

Әрбір пенденің кәсіп бастауы үшін, бірінші ниет керек. Екінші соған амал жасауы тиіс.

Кәсіпкерлікті қолдауда бүгін мемлекет тарапынан көптеген бағдарламалар мен жеңілдіктер бар.

Қазіргі уақытта еліміздің әрбір азаматы, жастар Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың көтеріп отырған бастамаларына қолдау көрсетіп, еліміздің дамуына

Аудандық сотта



Баспасөз конференциясы өтті

Өткен аптада Созақ аудандық сотының мәжіліс залында 2023 жылдың жұмыстарын қорытындылау бойынша баспасөз конференциясы өткен болатын.

Аталған баспасөз конференциясына аудандық соттың төрағасы А.С.Дәуренбеков және аудандық БАҚ өкілдері қатысты.

Конференция барысында аудандық соттың төрағасы баяндама жасады. Сот төрағасы А.Дәуренбеков өз баяндамасында 2023 жылдың 12 айында сот төрелігін жүзеге асыру барысында атқарған жұмысын қорытындылап, онда сот төрелігін жүзеге асыру қорытындысын 2022 жылмен салыстырды.

Атап айтар болсақ, Созақ аудандық сотының өндірісіне 2023 жылдың 12 айында барлығы 44 адамға қатысты 43 қылмыстық ісі қаралып аяқталған, 33 қылмыстық іс бойынша 42 адамға үкім шығарылған, 2 қылмыстық іс бойынша 2 адамға қатысты қылмыстық іс өндірістен тоқтатылған. Сотқа келіп түскен қылмыстық істердің ішінде қылмыстық-процестік заңнамаға енгізілген жаңашылдыққа сәйкес 39 қылмыстық іс электрондық нысанда қаралған. 5 іс 5 адамға қатысты прокурорға қайтарылған. 3 қылмыстық іс сотталушының жәбірленушімен татуласуына және келтірілген залалды өтеуіне байланысты медиация тәртібімен аяқталған. Үкілетті органдар тарапынан жіберілген кемшіліктерге сәйкес сотпен 3 жекеше қаулы қабылданғаны айтылды.

Сондай-ақ, есепті мерзімде аудандық сотқа 642 арыз түсіп, 638 азаматтық іс қаралып аяқталған. Оның ішінде 120 арыз бойынша сот бұйрығы, 350 азаматтық іс бойынша шешім шығарылған. 124 азаматтық іс бойынша іс жүргізу өндірістен қысқартылған, 109 іс бойынша медиация тәртібімен, 2 іс бітім келісімімен аяқталған, 1 азаматтық іс тараптардың адвокаттарының жәрдемдесуімен партисипативтік рәсімі тәртібімен дауды реттеу бойынша аяқталып, 39 арыз қараусыз қалдырылған және 1 азаматтық іс бойынша жекеше ұйғарым шығарылған. Аудандық сотта 2023 жылдың 12 айында барлығы 267 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс түсіп, қаралып аяқталған, медиатордың қатысуымен 48 іс аяқталған. 2 іс соттылығы бойынша жолданған, 6 іс бойынша жеке қаулы шығарылған. Өткен жылы әкімшілік іс келіп түспеген.

Ал 2022 жылы барлығы 62 адамға қатысты 56 қылмыстық іс қаралып аяқталған, 40 қылмыстық іс бойынша 52 адамға үкім шығарылған, 10 қылмыстық іс бойынша 10 адамға қатысты қылмыстық іс өндірістен тоқта-

тылған, қылмыстық-процестік заңнамаға енгізілген жаңашылдыққа сәйкес 54 қылмыстық іс электрондық нысанда қаралды, 1 іс 1 адамға қатысты прокуратураға қайтарылған, 8 қылмыстық іс сотталушының жәбірленушімен татуласуына және келтірілген залалды өтеуіне байланысты медиация тәртібімен аяқталып, үкілетті органдар тарапынан жіберілген кемшіліктерге сәйкес 3 жекеше қаулы қабылданған. Азаматтық істер бойынша 571 арыз түсіп, 489 азаматтық іс қаралып аяқталған. Оның ішінде 117 арыз бойынша сот бұйрығы, 242 азаматтық іс бойынша шешім шығарылған. 93 азаматтық іс бойынша іс жүргізу өндірістен қысқартылған, 79 іс бойынша медиация тәртібімен, 3 іс бітім келісімімен аяқталған, 1 азаматтық іс тараптардың адвокаттарының жәрдемдесуімен партисипативтік рәсімі тәртібімен дауды реттеу бойынша аяқталып, 33 арыз қараусыз қалдырылған және 3 азаматтық іс бойынша жекеше ұйғарым шығарылған. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша барлығы 345 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс түсіп, қаралып аяқталған, медиатордың қатысуымен 48 іс аяқталған. 1 іс соттылығы бойынша жолданған, 11 іс бойынша жеке қаулы шығарылған.

Медиацияны дамыту, іске асыру мақсатында зиялы қауым өкілдері, прокуратура, адвокатура, кәсіби және кәсіби емес медиаторлардың, жергілікті үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен 6 дөңгелек үстел, газет беттеріне 11 мақалалар жарияланған.

Сонымен қатар, ауданда билер кеңесі құрылған. Қазіргі таңда 25 билер жұмыстар атқаруда. 8 Кәсіби, 50 кәсіби емес медиаторлар жұмыс атқаруда. Созақ аудандық әкімдігінде медиация кабинеті ашылған, онда 2 кәсіби медиатор жұмыс атқаруда және ауыл әкімдіктерінде, Созақ аудандық сотында медиация кабинеттері бар. Сондай-ақ, бұқаралық ақпарат жұмыстары бойынша газет беттеріне мақалалар жарияланып, әр түрлі тақырыптарда семинар сабақтары мен түсіндіру жұмыстары ұдайы жүргізіліп отырады.

Баспасөз конференциясы соңында сот төрағасы БАҚ өкілдерінің тарапынан сот әділдігін жүзеге асыру бойынша туындаған өзге де сұрақтарға жауап беріп, бұл шараның сот ісін жүргізуді әрі қарай жетілдіру, ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру бағытында жиі жүргізіліп отыратындығын тілге тиек етті.

Нұрсұлтан ҚАНАТУЛЫ.

"Қолжетімді интернет" қолжетімді болды

Естеріңізде болса, осыдан бірер ай бұрын ауданымызға халқымыздың өтінішін ескерген облыс, аудан басшыларының сөзін болуымен облыстық цифрландыру басқармасы "Digital Element" интернет компаниясы келгені жайлы ФБ-да пост жариялаған едім! Аудан әкімі аппаратының ақпараттандыру және мемлекеттік қыз-

шесінің тұрғындары үн қатқан еді! Көше тұрғындары бірауыздан келісіп, Қасқатаев Ербол есімді интернет компания басшысымен екі жақты келісімшартқа отырған болатын. Нәтижесінде, көше, қаңтардың 30 күні өтініш білдірген 34 үйдің 27-не интернеті талшықты желі арқылы тартылып, көше тұрғындарының иелігіне

бар жалғызбасты ана. Жолдасова Гүлнұр Талғатовна 5 баланың анасы. "Созақ спорт" клубында тех жұмысшы боп істейді. екен. Күні көше аудан әкімі аппаратының ақпараттандыру және мемлекеттік қызмет көрсету мониторингі бөлімінің басшысы Әмірбек Дәулетбаев, ауыл әкімінің орынбасары Болат Есенқабыл және мен ау-



мет көрсету мониторингі бөлімінің басшысы Әмірбек Дәулетбаев пен Шолақорған ауылының әкімі Әділ Елібаевтар өтініш жасаған соң, осы бір сүйінші хабармен Созақ халқымен: "Ауданымызға "5 G" келді деген мазмұндағы пост-мақаламен аудандық "Созақ үні" газетінде де бөліскен болатымын! Сол сүйінші хабарға алғашқы болып Шолақорған ауылы, Ерман Емберенов кө-

берілді. Осы ретте, сіздердің назарларыңызға мына бір жәйттарды ғана салғым кеп отыр - Бұдан алдыңғы пост-мақалаларымда күллі Созақ жұртшылығына насихаттаған Емберенов көшесінің ынтымағы жарасқан тұрғындары екі бірдей көшілеріне интернетті өз еселерінен кіргізіп берді. Олар: Алиева Гулжанат Қалапбергенқызы. "Ертөстік" бала бақшасында аспаз. 4 бірдей баласы

дандық "Созақ үні" газетінің тілшісі, "Ел Мүддесі" ҚБ-нің төрағасы ретінде көше тұрғындарымен үйлерге кірген интернетті жылдамдығын байқап көрдік. Керемет! Ең төменгі тарифтің "20Мб/с" (5 мың теңгелік) өзі сақылдап жұмыс істеп тұр. Таңданысымызды жасыра алмай, бір-бірімізге қарап: "Қолжетімді интернет дегенің осы екен ғой" дестік.

Данияр БЕК.



Мен және менің дауысым

Жыл сайын ақпанның алғашқы бейсенбінде Дүниежүзілік сайлау күні аталып өтеді. Осы күнді өткізудің басты міндеттері – қоғам санасында демократияландыру процесінің қайтымсыздығын бекіту, сайлау процесіндегі жетістіктер туралы жұртшылықты хабардар ету және сайлаушылар арасында демократиялық құндылықтарға бейілділікті қалыптастыру.

Дүниежүзілік сайлау күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес 2024 жылдың 29 қаңтар күні Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ұйымдастыруымен аудан орталығындағы жастармен «Конституциялық құқық таңдау және сайлану» тақырыбында жастарға сайлау жөнінде толыққанды ақпарат беру, олардың саяси, заңдық сауатын жетілдіру, сайлау процесіндегі жетістіктер туралы, сайлаушылар арасында демократиялық құндылықтарға бейімділікті қалыптастыру және басқа да сайлау процесіне қатысты өзекті мәселелер талқыланып кездесу өткізілді, деп Созақ аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Талғат Бекқұлиев атап өткеніндей Дүниежүзілік сайлау күнін жыл сайын ақпанның бірінші бейсенбінде атап өту дәстүрі Қазақстан Республикасы толыққанды мүшесі болып табылатын Еуропалық сайлауды ұйымдастырушылар қауымдастығының

(ACEEO) бастамасымен басталды.

Бұл күннің мақсаты – тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихымен тығыз байланысты еліміздің сайлау жүйесінің қалыптасу және даму кезеңдері туралы жұртшылықты ақпараттандыру, сайлаушылардың электоралдық белсенділігін арттыру және жас сайлаушылар арасында демократиялық құндылықтарға деген ұстанымын қалыптастыру.

Осы орайда 1 ақпанда Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі мен сайлау заңнамасын насихаттау мақсатында Қ.Рустемов атындағы жалпы білім беретін мектебінде құқық негіздерін пәнінің мұғалімі Г.Жұматаева мен мектеп тәлімгері Д.Байсақалованың ұйымдастыруымен 9-11 сынып оқушыларына «Мен және менің дауысым» тақырыбында түсіндіру шаралары өткізілді. Мақсаты Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі туралы, комиссияның қызметі туралы, сайлаудың маңыздылығы туралы, немқұрайлы қарамауға, сайлауға қатысуға ынта мен уақыт табуға, сондай-ақ өз елінің болашағын құру жауапкершілігін сезіну керектігі, әрбір дауыстың маңыздылығы туралы айтылды. Шара барысында оқушылардың сұрақтарына жауаптар берілді.

Сержан БЕГМАНҰЛЫ.

Мектепте өткен семинар



Мектеп-білім ошағы болып табылады. Мұнда шәкірттерге білім берумен қатар саналы тәрбие негізі де жүргізіледі. Әуелі тәрбиені бойына сіңірген бала одан кейін білімді бойына қабылдайды.

Қызылкөл ауылындағы «М.Әуезов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде педагогтардың кәсіби шеберлігін шыңдау мақсатында көптеген шаралар жиі өткізіліп келеді. Сондай іс-шара, яғни семинардың тақырыбы «Педагог кадрлардың кәсіби шеберлігі-білім сапасының негізі» деп аталды. Педагогикалық іс-тәжірибені дамыту, әдістемелік және шығармашылық байланыстарды нығайту, сондай-ақ мектеп мұғалімдерінің шығармашылық қызыреттілігін көтеру және жаңа идеяларды насихаттау мақсатында өткен семинарда мұғалімдер өзара тәжірибе алмасты. Әріптестер семинар барысында өздерінің сабақ өткізу тәсілдерімен бөлісті.

Мектеп директоры Айгүл Созақбайқызы өткізілген отырған шараға сәттілік тілеп, семинарды ашып берді. Психолог Ә.Нұрмағанбет «Көңіл күйдің сан қырлы сырлары» деген тақырыпта

тренинг өткізді. Бұл мұғалімдерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Орыс тілі пәнінің мұғалімі Э.Кенжеғұлова «Сабақта табысқа жетуге жағдай туғызу тәсілдері» тақырыбында дәріс өткізді. Сонымен қатар «Білім беру үрдісінде, білім алушының оқу жетістігін бағалаудың тиімді түрлерін қолдану әдістері» тақырыбындағы интерактивті пәні мұғалімі А.Бекенованың сабағы да семинарға қатысушылардың көңілінен шықты.

Ал, ағылшын тілі мұғалімі Г.Бекайдара «Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау тиімділігі» тақырыбында коучинг өткізді.

Мектебімізде өткізілген семинардан әріптестеріміз әсер алып, тәжірибелерін байытты. Мәнді де мазмұнды шараға белсене қатысқан мұғалімдер мадақтау қағаздарымен марапатталды.

Шебер сыныптар мен коучингтер қатысушылар көңілінен шықты. Білім хясында мұндай іс-шаралар алдағы кезде де жалғасын таба беретін болады.

Гүлнұр АБДРАШҚЫЗЫ,
ағылшын тілі пәні мұғалімі.

"Отбасылық таланттар" әдеби-сазды кеші өтті

Таяуда Қ.Кемелұлы атындағы жалпы орта мектебінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Ата аналар мектебі» жобасы аясында «Отбасылық таланттар» әдеби-сазды кеш өтті. Кеш қонағы жергілікті өнерпаз, отбасылық өнерді дәріптеп жүрген ауылымыздың азаматы Абай Аққұлиевтер отбасы. Шараның негізгі мақсаты өскелең ұрпаққа төл мәдениетімізді дәріптеу, оқушыларды ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Аққұлиев Абайдың отбасылық ансамблі «АША-БА!» деген атпен 2011 жылы құрылған. Өнерлі отбасы алғашқы өнер жолын Созақ ауданы, Жартытөбе ауылындағы «Жұлдыз»

дық мерейтойына орай өткен аудандық «Күй өнері-халық қазынасы» байқауында 2 орын алды. 2022 жылы облыстық «Жаңғырық» фестиваліне қатысып, Ш.Қалдаяқов атындағы облыстық филармония директорының арнайы Алғыс хатымен марапатталды. 2023 жылы Түркістан облысы білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Talar Bala fest» телебайқауында күй жанры бойынша жүлделі 3 орынға ие болды.

Топ мүшесі Абайқызы Баян Қ.Кемелұлы мектебінде 8 сыныбында оқиды. Баян да аудандық саз мектебінде Н.Абишбековтің жетекшілік ететін домбыра сыныбында дәріс



балабақшасында өткен «Балам-балым, баламның баласы-жаным» атты байқауында өнер көрсетуден бастаған.

-2013 жыл Аудандық Тілдер бөлімінің ұйымдастыруымен «Ертөстік» балабақшасында өткен отбасылық жарыста жүлделі 1 орын.

-2016 жылы аудандық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен «Бабата» ауылында өткен отбасылық сайыста жүлделі 1 орын.

-2021 жылы облыстық кітапхана бөлімінің ұйымдастыруымен Сайрам ауданы, Ақсу елді мекені, Қ.Жандарбеков атындағы мәдениет үйінде өткен отбасылық жарыста жүлделі 1 орын.

Топтың жетекшісі Аққұлиев Абай Төлегенұлы Созақ ауданы, Жартытөбе ауылында дүниеге келген. Жоғары білімді, тарихшы. Қазіргі кезде өз алдына кәсіп ашқан, өмірін өнерге арнаған, айтулы асаба.

Топ мүшесі Отарова Сафура Абайдың өмірлік жары, жоғары білімді маман, Жартытөбе ауылындағы «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасында тәрбиеші, он саусағынан өнері тамған шебер. 2010 жылы аудандық «Әйелдер істері және демографиялық саясат» бөлімінің ұйымдастыруымен өткен аудандық «Келіндер сыны» байқауында жүлделі 2 орын алды. 2018 жылы аудандық халық өнер фестивалінде қолөнер сайысында 1 орын алды.

Топ мүшесі Абайқызы Ажар Қ.Кемелұлы атындағы жалпы білім беретін мектептің 9 сынып оқушысы. Сонымен қатар, ауданымыздағы А.Жұбанов балалар саз мектебінде С.Қайырбекованың жетекшілік етуімен қобыз сыныбында дәріс алып жүр. 2020 жылы Шымкент қаласында өткен республикалық «Жасөнер» байқауында аспапта ойнау номинациясы бойынша 3-орын алған. 2021 жылы Орал қаласында өткен халықаралық «Дара жұлдыз» жасөспірімдер арасында ұйымдастырылған байқауда лауреат атанып, II дәрежелі дипломмен марапатталды. 2022 жылы аудан мектеп оқушылары арасында өткен «Жас музыканттар» байқауында үздік өнер көрсетіп, облыстық сайысқа жолдама алды. Бұл байқауда жүлделі 3 орынға ие болды. 2022 жылы Сүгірдің 140 жыл-

алушы. 2021 жылы мектепшілік ұйымдастырылған мәнерлеп оқу сайысында 1 орын иегері атанған. 2022 жылы Сүгірдің 140 жылдығына арналған «Күй өнері-халық қазынасы» атты аудандық байқауда аспапта ойнау номинациясы бойынша 2 орын алды. 2023 жылы мектепшілік өткен патриоттық әндер сайысында 1 орынға ие болды. Осы жылы аудандық «Жаңа Қазақстан: күшіміз бірлікте» тақырыбындағы өнер фестивалінде Алғыс хат алды. Сонымен қатар республикалық қазақ тілі бойынша «Жарқын болашақ» олимпиадасының аудандық кезеңінде «Әнші бұл бұлдар» бағыты бойынша 1 орын алып, облыста III дәрежелі дипломмен марапатталды. Түркістан қаласында өткен «Meqa Konkurs» өнер байқауында дәстүрлі ән номинациясы бойынша Бас жүлде алды. Көкшетау қаласында өткен республикалық «Ұлы дала мұрагерлері» атты фестиваліне қатысып «Әуен айнасы» аспапшылар байқауында 2 орын алды және ҚР Оқу ағарту министрлігі «Балдәурен» РОСО-ның шешімімен Қазақстандық жас патриоттар Академиясының мүшесіне қабылданып, куәлігін алып, төсбелгісімен марапатталды.

Топ мүшесі Абайқызы Асқар әнші, барабаншы, шабандоз. Қазіргі кезде Шымкент қаласындағы Б.Өтеп атындағы өнер мектебінде «Дәстүрлі ән» сыныбының 7 сынып оқушысы. 5-6 сыныпта аудандық А.Жұбанов саз мектебінде оқиды.

Топ мүшесі Абайқызы Исминұр 3 сынып оқушысы. Оқу озаты. Мектепшілік өткен өнер сайыстарының жеңімпазы. Әнші, биші. 2021 жылы «Жаңа Қазақстан: күшіміз бірлікте» өнер фестивалінде үздік өнер көрсетіп, Алғыс хатпен марапатталды. Мектепшілік өткен патриоттық әндер байқауында 3 орын алды.

Шара аясында ұлттық құндылықтар дәріптеліп, отбасылық концертпен жалғасты. Мектеп директоры И.Омарбеков киелі өнер жолында аянбай тер төгіп, қолға алған әр істі биік тұғырдан көрсетіп жүрген бастамаларды қолдап «Алғыс хатпен» марапаттады.

Маржан АСЫЛХАНҚЫЗЫ,
Қ.Кемелұлы атындағы жалпы орта мектебінің мұғалімі.

Туған жер – әрбір адам үшін ыстық мекен. Туып-өскен жер – әр адамның жүрегінің төрінен орын алады. Себебі, ол – киелі мекен, қастерлі қоныс, кіндік қаны тамған жер. Отанның киелі болуының себебі де осында. Кіндік қаны тамған жер болғандықтан да, оның жай ғана кішігірім жасыл алаңқайының өзі – сен үшін асыр салып ойнайтын кең жайлаумен тең. Өз Отаныңда өткізген әр күнің – бақыт. Оның көз тойдырмас тұмса табиғатын тамашалау, ашық-көк аспанын көру, жоғарыдан төмен құлаған келте са-

есіктің алдын, «Қызым, ұлым үйге кір...» деген ананың сөздерін еске түсіресің. Жүректің әлсіз дүрсілі естіледі.

Біздің Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Бейбітшілік пен достастықта, татулықта бірге жұмыла отырып, қызметтің әр түрлі саласында қазақтар мен орыстар, татарлар мен немістер, украиндер мен кәрістер еңбектенуде. Бірлік, ұлтаралық келісім және саяси тұрақтылық – қазақстандықтардың қалауы. Олардың тағдырын, өмір тарихын тыңдағанда менің елім одан сайын маған жақындай

кетіп жатыр. Әркім әр жерде, әр елде қызмет ете берсін дейік. Бірақ олардың туған жерге, туған елге деген сарыла сағынатынын айтып жеткізу мүмкін емес. Олардың ішінде де, «Басқа жердің отынан, туған жердің түтіні артық» деп оңашада «Аһ» ұрмайтынына кім кепіл?!
Бақыттың формуласы – бар кезде бағалау. Ал туған жеріңде бақытты ғұмырыңның жалғасқанын қаласаң – Тәуелсіздіңді бағалай біл. Еліңді қорға. Туып-өскен жеріңді қорға. Міне, сонда ғана бақыттың ғұмы-

ры ұзақ болады. Қай мемлекеттің азаматы болса да, өз елінің әлеуметтік-саяси жағдайына да, халықтық жағдайына да шүкіршілік ете білуі керек. Себебі, бізден өзге елдердің хәлі бұдан да мүшкіл. Біздің екі көшбасшыларымыздың сындарлы саясаттарының арқасында арнайы таңды қарсы алып, шуақты күнде шомылып жүрміз. Ең бастысы, төбеміздекөк аспан. Күнделікті төбелерінен оқ борап жатқан елдерге қарап, өз Отанымызға қанағат етуіміз керек! Мәселе тек қана біздің елде ғана емес, тіпті, керемет дамыған, алдыңғы қатарлы елдердің өзінде де бар. Мәселенің барлығы тек сабырмен шешіледі.

Тәуелсіз, мәңгілік елді қаласақ – елім деп өміренген ұлымыз, жалынды азаматтарымыз, тілі мен ұлтын құрметтеген халқымыз болуы керек. Сонда ғана, Қазақстан одан әрі дамып, мәңгілік ел қатарына қосылып, бүкіл дүние жүзін мойындататын жарқын болашақты ел болмақ.

Бекзат ТҰРАРБЕК,
Геолог маман.

Басқа жердің отынан, туған жердің түтіні артық

мал желін сезіну-ерекше бақыт емес пе?! Ал кейбіреулер осы бақыттан бас тартып, өзгенің бақытты мекеніне асығады. Ол мекеннен мың есе әдемілік, мың есе тыныштық табатын шығар. Алайда, туған жердің түтіні де тәтті. Өзге жерден не тапсаң да, туған жеріңнен тапқан дүниемен теңесе де алмайды. Міне, әркімнің Отанының осындай жұмбақ тартылыс күші бар.

Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала немесе мен үшін туған кент. Туып-өскен жерде адамның көңілді де, шаттықты, уайымсыз балалалық шағы өтеді. Үйдің маңындағы аулада ойнап, бау-бақшаға барған көше есіңде тұрады. Сол кездер өте ұзақ болып көрінеді. Туған жер ұзаққа қиып жібермейтін. Сен әрқашан өзің бармасаң да, оймен қиялдап туған көшені,

түседі, оны жақсырақ түсіне бастаймын. Біздің отбасы тарихымыз мыңдаған басқа отбасылардың тарихына ұқсас. Өмірдің қиын кездерінде, ауыр жұмыстарда, өтіп жатқан күндер мен мерекелерде әр түрлі ұлт өкілдерінің пікірі қалыптасты. Адамзат баласының татулығына ұмтылу әр халықтың қанында бар, әсіресе ол қазақстандықтарда ерекше дамыған. Бұл Қазақ жерінің жомарттығынан, осы өлкелерге тағдыр алып келген барлығына құшағын кең жайып, пейілін кеңге салатын Қазақ халқының мінезін жаралған. Осында тұрушылардың барлығы Қазақ халқының тілін, тарихы мен салт-дәстүрін білуі келек. Қазақстанда тұратын барлық халықтың татулығы мен бірлігінің мәні осында. Ол байырғы көркем Қазақстан жерінде бейбітшілікті сақтауға көмектеседі. Ал татулық – болашақта гүлденудің маңызды талабы.

Әл-Фарабидай адам үшін дүниеде ең қиын не нәрсе, деп сұраса, ол: «Туған жерге сағыныш»-деп айтқан екен. Қазір біздің елден жүз-жүздеп, мың-мыңдап отандастарымыз

рындағы адам санын көбейту үшін, «әлеуметтік желілерде» алдымен топтар, парақшалар ашып, онда ең алдымен әдемі табиғаттың, жан-жануарлардың, басына тақия киіп мұрты мен сақалын көрсеткен көздерін жапқан ұл бала мен хиджап көп жағдайда қара түсті ниқап киген бойжеткеннің суреттерін жариялап, тіркелушілері көбейген сәтте теріс бағыттағы діни мазмұнды ақпараттарды жүктеп таратумен өз ықпалдарына түсіреді. Еліміздегі көптеген теріс діни ағым өкілдері жастарды дәл осындай айла тәсілмен құрығына түсіруде. Сондай-ақ ақыр соңында еліміздің зайырлылық ұстанымын ширке балап мұсылмандардың арасына жік түсіру үшін халқымыздың көнеден қалыптасқан әдет-ғұрып салт-дәстүріне қарсы шығып, өзге дін өкілдері жайында қатаң айыптауларға ұласуда. Ал мұның соңы ҚР ҚК 174-бабы: «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру және екі мыңнан жеті мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі айыппұл салуға не екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады».

ҚР ҚК 180-бабында: «Бұқаралық ақпарат құралдарын немесе әлеуметтік желіні пайдалану отырып ҚР тұтастығын бұзуды насихаттаған немесе жария түрде соған шақырған адам 5 жылдан 10 жылға дейін бас-бостандығынан айырылады» делінген. Әлеуметтік желіні қандай мақсатта пайдалансақта өз қолымызда.

Діни білім тек шарифат талаптарын білуден ғана тұрмаса керекті. Дін қай ұлттың жерінде өмір сүріп жатыр соған байланысты территориялық ерекшелік орын алады. Сол халықтың мәдениеті арқылы байланыс құрып насихатталса құба-құп. Дегенмен әлі күнге дейін теріс діни ағымды насихаттаған қауіпті уағыздарға көзсіз сенім тоқтамай тұр. Сол үшін де кез келген ақпаратты сүзгіден өткізіп барып қабылдағанымыз дұрыс болар еді.

Қ.ҚОСМАХАНОВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.

Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттары

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру әртүрлі конфессия мен этнос өкілдері бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп жатқан зайырлы Қазақстан дамуының басым міндеттерін шешуге және ел болашағының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазақстанда соңғы он екі жылдықта орын алған террористік актілер және діни экстремизмнің өрістеуі мемлекеттің дін саласына деген көзқарасын қайта қарауға мәжбүр етті. Қазақстан тарихында болмаған осындай террористік оқиғалардан кейін мемлекет тарапынан «Экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қаралды. Сондай-ақ, діни қатынастарды оңтайландыру мақсатында 2017-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының діни саласындағы мемлекеттік саясатының тұжырымдамасы қабылданып, бекітілді. Кейін Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Ал қазір дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың 2021-2023 жылдарға арналған Кешенді жоспарында 26 тармақты қамтитын 4 бөлім көзделген. Жоспарды іске асыру Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі құндылықтары мен қағидаттарын жаңа геосаяси ахуал мен ұлттық қауіпсіздіктің ішкі және сыртқы сын-тегеуріндеріне уақтылы ден қою тұрғысынан одан әрі жүзеге асыруға ықпал ету.

Бірінші бөлім (Мемлекеттік құрылыстың зайырлылық қағидаттарын нығайту) қоғамда мемлекеттің зайырлылық қағидаттарын нығайтуға бағытталған шараларды іске асыру. Зайырлылық дегеніміз жалпы халықтың мұң-мұқтажын ескеріп, соған сай мемлекеттік тұрғыда шешімдер қабылдау. Яғни, зайырлылық – тірі организм, ол ұдайы модернизацияны қажет етеді.

Екінші бөлім (Азаматтардың діни сенім бостандығы құқықтарын іске асыруды және діни бірлестіктермен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету) негізгі іс-шаралары азаматтардың діни сенім бостандығы құқықтарын қамтамасыз етуге және мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың қазақстандық моделін одан әрі қалыптастыру. Азаматтардың ар-ождан бостандығы Ата Заңымызбен қорғалғандығы. Ешкім өзінің діни көзқарасына және наным-сеніміне байланысты шектеу көрмеуі. Бұның бәрі дін саласындағы мемлекеттік саясаттың дұрыс жүргізіліп отырғанының айғағы. Дін саласында тұрақтылықты сақтау, қоғамда конфессияаралық келісім мен толеранттылықты нығайту және діни экстремизм идеологияларының алдын алу бойынша нақты шаралар жүзеге асыру. Сондай-ақ, азаматтардың ар-ождан бостандығы мен олардың діни наным-сенімін құрметтеу құқықтарына заңнамалық кепілдік беруді қамтамасыз ету мәселелері де басым бағыттардың бірі болып табылады.

Осыған орай, халықты теріс пиғылды діни ағымдардың ықпалына түсіп қалудан сақтандыру мақсатында халықтың

барлық нысаналы топтарын жеке-жеке және жаппай қамту мақсатында мемлекеттік және жеке меншік формадағы түрлі мекеме ұжымдарымен, жоғары оқу орындары, орта және арнайы оқу орын студенттерімен, сондай-ақ, орта мектеп оқушыларымен тікелей ақпараттық-түсіндіру жұмыстары өткізіледі.

Үшінші бөлім (Қазақстандық қоғамда конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз ету) қоғамда Қазақстан халқының ұлттық дәстүрлеріне негізделген рухани-адамгершілік құндылықтарды танымал етуге және ілгерілетуге, конфессияаралық және өркениетаралық келісімді қамтамасыз ету мәселелерінде Қазақстанның халықаралық беделін арттыру көзделген. Жаһандық әлемдегі ахуал кез келген аймақтағы жергілікті жағдайды айқындауға ықпал ете алады. Сондықтан, әлемдік қауымдастық тұрақты дамуға қол жеткізу үшін конфессияаралық, мәдениетаралық келісімді сақтауға мүдделік танытуда. Біріншіден, конфессияаралық келісімді нығайту заманауи сын-тегеуріндер мен қақтығыстарды болдырмауға септігін тигізе алады. Екіншіден, аймақаралық шекара түсінігі уақыт өткен сайын өзектілігін жоғалтуда, әлемнің кез келген мемлекетті босқындар мен жер аударушыларға тиісті назар аударуға мәжбүр. Яғни, жер халқының шынайы келісім мен түсіністікті көрсетуге әзірлігі сыналатын уақыт десек те болады. Үшіншіден, қоғамда берік орнатылған конфессияаралық диалог пен өзара түсіністік қазіргі уақытта әлеуметтік тұрақсыздыққа әкеліп соққан экстремизм мен терроризм, ксенофобия, рухани сауатсыздық пен үстемдік етуге талпынушы күштермен күресуге үлкен мүмкіндік береді.

Төртінші бөлім (Дін саласындағы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету) қоғамда діни экстремизм мен радикализм идеологиясын қабылдамауға және қарсы насихаттауға бағытталған әлеуметтік, ақпараттық және ғылыми-білім беру жобаларын іске асыру. Дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың қағидаттарын түсіндіру.

Қорытындылай келе, дін-Қазақстан Республикасының әлеуметтік, мәдени және рухани маңызды бөлігі болып табылады. Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары арқасында Қазақстан Республикасында діннің еркін дамуы үшін жағдайлар жасалынып, діни қызметтің өзге де ұйымдарына әлеуметтік шектеулер алынып, зайырлы мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың негізі қаланды, діндер арасындағы диалог, әлеуметтік әріптестік және ұйымдармен сындарлы саясаттың негізгі бағыттары қабылданды. Егеменді еліміздің тұрақтылығы мен даму жолында экстремизм мен терроризмнің қандай да болсын сипаттарына, түрлеріне азамат болып, қоғам болып ат салысып қарсы тұруымыз қажет. Елдік пен егемендіктің мүддесіне қарсы түрде әрекет ететін түрлі саяси және діни топтарға тойтарыс беріп, азаматтық позициямызды ұмытпауымыз қажет.

Жалғас ЖОРАБЕК,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің бөлім басшысы.

Сенім телефоны

«Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарына бұзған «Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде 23-3-03, 23-3-43 телефонына хабарласуға болады.

«Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Қоғамдағы өзекті мәселе

Адам өмірі басты құндылық, бүгінгі тақырыпты біздің өмірімізге зиян келтіретін адамды өмірден өтуге дейін апаратын зиянды әрекеттер жайында болмақ. Адам өмірін түрлі қатерлерге тігетін адамның қызығушылығын бірден еліктіре алатын, адамның ден саулығына едәуір зиян келтіретін, психотроптық дәрілер жетерлік соның бірі бұл наша кокаин дейді біреулер. Бұл тақырыпты талдамас бұрын жалпы нашақорлық сөзін талдап көрсек.

Қазіргі таңда ең өзекті қоғамда түрлі сипатқа ие мәселелердің бірі бұл нашақорлық. Бұл індет, қоғамның барлық тұстарына ойсыратып зиянын тигізуде, өзіне еліктіріп алатын құрсауына түссең түбі өлімге апаруы мүмкін дүние. Нашақорлықпен күрес үшін әлем елдері қыруар қаржы жұмсалып нашақорлық бизнесіне қарсы іс-қимыл ағеттіктерін құрылған. Бірақ қазіргі таңда құрықтау мүмкін болмай отқан айлакерлердің көптігі, қоғамға адами құндылықтарға зиянын тигізуде. Біздің елімізде бұл бағыттағы жұмыстармен өзге елдерден қалыс қалып жатқан жоқ. Нашақорлықтың алдын алу мақсатында бүгінгі таңда елімізде нарко диллерлерді

қолға түсіру мақсатында түрлі операциялар өткізіліп арнайы тінту барысында осы саламен айналысатын көптеген азаматтар құрықталуда. Осы бағыттағы жұмыстарды нығайтуға күш беретін салалардың жұмысын күшейту басты назарда. Елімізде нашақорлықтың алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жыл сайын жақсарып жақсы көрсеткіштер көрсетуде. Қандай да бір қиындықты жеңу үшін бірінші ұзақ мерзімді жоспар құру керек, сол жоспардың орындалуын жете қадағаласа бұл індеттен де арылармыз анық.

Адамдықты ұмытып пайда көзін осындай лас әрекеттермен табатын азаматтар елдің, өскелең жас ұрпақтың келешегін ойласа, түбіне жетпейтін дүниенің соңына түсуді қойса, игі іс болар еді. Еліміздің азаматтары бұл заттардың зиянын көрмесе болмашы бір мезеттік дүниелерге адами құндылықтарын жоғалтпаса деген ниеттеміз. Бұл ғасыр індетін жеңу үшін әр азаматымыз өзінен бастаса бұл заттарға елітіп ерігіп кетпесе еліміз өркендейді.

**Бауыржан ҰМБЕТБАЕВ,
Құмкент ауылдық округі әкімінің аппаратының бас маманы.**

Нашақорлық-Ғасыр дерті

Нашақорлық дегеніміз – есірткі немесе психотроптық заттарға тәуелділіктен туындайтын ауру. Нашақорлық көптеген қылмыстарға тікелей себепкер. Ғылыми деректерге сүйенер болсақ, кәмелетке толмаған нашақорлардың шамамен 2/3 бөлігі қылмыскерге айналады. Себебі, есірткіге деген құмарлық келесі дозаны алу үшін қылмысқа апармай қоймайды. Әсіресе, ұрлық жасауға көптеп итермелейді. Сонымен қатар, кейде агрессивтілік тудыратын есірткілер өзінің қатыгездігімен мағынасыз қылмыстарға жетелейді. Ақырында есірткіден әлсіреген қылмыскер өзі оңай құрбан болады. Жоғарыда сөз болған ғаламдық мәселе біздің елімізде де айтарлықтай өршіп, ауыздықтатпай тұр. Тас шайнап, құм түкіретін ата-бабамыздың ізін, есірткіні жанына сәрік еткен нашақор азаматтардың жалғап келе жатқаны әрине, өкінішті-ақ. Әлемді жайлаған нашақорлық дерті күн сайын тамырын тереңге жайып барады. Бұл «жұқпалы ауруға» Қазақстан да шалдыққан. Ол уақыт озған сайын асқынып бара жатыр деп айтуға болады. Оған әр түрлі себептері бар. Менің ойымша, ең негізгісі – есірткі және психотроптық заттарға қол жетімділік. Бұған дәлел күн сайын әр-түрлі есірткі немесе психотроптық заттармен ұсталғандар жәйлі ақпараттар. Есірткі заттарды қолданатындардың басым көпшілігіне-мектеп жасындағы бойжеткендер мен бозбалалар жатады. Өйткені жасөспірімдер еліктегіш келеді, сондықтан бір рет есірткіні қолдансам ештеңе ете қоймас деп, қалай нашақор болғанын білмей қалады. Есірткіге тәуелділіктің бастапқы профилактика-

касының мақсаты бұрын есірткі тұтынбаған адамдардың оны тұтынуды бастауының алдын алу болып табылады. Яғни күш-жігер аурудың дамуын ескертуге ғана емес, денсаулықты сақтау не нығайту қабілеттерін қалыптастыруға бағытталады.

Психикалық белсенді заттарды теріс пайдаланудың және нашақорлық профилактикасының мемлекеттік жүйесі қалыптасуының осы кезеңінде алдын алу қызметінің мақсаттары балалар мен жастардың есірткіге құндылық ретінде көзқарасын өзгерту, салауатты өмір салтын насихаттау есебінен есірткі құралдарын қабылдауға балалар мен жастарды еліктіруді тежеу, білім беру мекемелерінің қызметкерлерімен бірлесіп жүзеге асырылатын есірткіге қарсы ұстанымдар мен алдын алу жұмысын қалыптастыру болып табылады. Осыған орай құқықорғау органдарының нашақорлықтың алдын алудағы ролдері басқа органдарға қарағанда маңыздырақ деп ойлаймын.

Нашақорлық – қоғам дерті. Нашақорлықпен күресу бір немесе бірнеше адам оңай жеңетін нәрсе емес. Бұл жерде түрлі мамандар, ата-аналар, қоғам белсенділері, сіздер мен біздер әрбір Қазақстанның азаматы тысқары қалмауы керек. Ғасыр індетімен күресу, оның жайылуына қарсы тұру біздің міндетіміз. Дүниедегі ең құнды, ең бағалы зат – ол сенің өмірің. Сенің өмірің, сенің амандығың, сенің жарқын әрі айқын болашағың өз қолыңда! Дұрыс таңдау – жарқын болашаққа бастар көпір және бақытты өмірдің айнасы.

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ

Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және азаматгершілік міндеті деп білуге керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар.

Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жатқұлықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық-бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бізді біздің алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық

қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын. Сыбайлас жемқорлық- заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің дас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

«Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

«Браконьер» өңірлік жедел-профилактикалық іс-шарасы

Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, ағымдағы жылы 1-29 ақпан аралығында табиғатты қорғау заңнамасын бұзушылықтарды, биологиялық ресурстар объектілері мен өнімдерінің заңсыз айналымын анықтауға және жолын кесуге, экологиялық қылмыстарды ашуға бағытталған Республика аумағында «Браконьер» өңірлік жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізу талабына сәйкес, 2024 жылдың 1-29 ақпан аралығында Созақ ауданы аумағында «Браконьер» өңірлік жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, экологиялық заң бұзушылық жасаған тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шара көрілетінін ескертеміз.

**Т.ЖЫЛҚЫБАЕВ,
Созақ АПБ-нің ЖПҚ-нің бастығы, полиция майоры.**

Хабарландыру

Қаратау ауылдық округінде жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында ауыл, елді мекен, көше, тұрғындары жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындары өткізіледі.

Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны кесте бойынша жалғасады.

Созақ ауданының Қаратау ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының Қаратау ауылдық округінің көшелерінде өтетін орны күні және уақыты

Қ/с	Елді мекен атауы	Көше атауы	Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындары өтетін орны	Өтетін күні	Өтетін уақыты
1	Қаратау ауылы	М.Шериязданов көшесі	Ә.Қалмырза көшесімен М.Шериязданов көшесінің қиылысында	28.02.2024 ж	10-00
2		Жиенбет батыр көшесі	Ә.Қалмырза көшесімен Жиенбет көшесінің қиылысында		11-00
3		Қ.Шоланбайұлы көшесі	Ә.Қалмырза көшесімен Қ.Шоланбайұлы көшесінің қиылысында		12-00
4		Абай көшесі	Ә.Қалмырза көшесімен Абай көшесінің қиылысында		15-00
5		Б.Стамбекұлы көшесі	Ә.Қалмырза көшесімен Б.Стамбекұлы көшесінің қиылысында		16-00
6		Т.Тұяқбаев көшесі	Ә.Қалмырза көшесімен Т.Тұяқбаев көшесінің қиылысында		17-00
7	Ақсұмбе елді мекені	Ақсұмбе елді мекені	Ауылдық клубтың жанында	29.02.2024 ж	11-00
8	Саржаз елді мекені	Саржаз елді мекені	ФАП-тың жанында		15-00

Созақ аудандық «Созақ үні газеті редакциясы» ЖШС «Созақ үні» газеті бетінде жарияланатын хабарландырулар мен жарнамалардың бағасы

Мемлекеттік тапсырысты және нормативтік құқықтық актілерді жариялау 1 шаршы см 150 теңге

Құттықтаулар:
Жеке тұлғалар үшін:
Суретімен:-5000 теңге
Суретсіз:-3000 теңге.

Еске алулар:
Жеке тұлғалар үшін
Суретімен-5000 теңге
Суретсіз-3000 теңге

Шағын хабарландыру:
(Құжат жоғалту) -4000 теңге

Хабарландыру:
Мекеме кәсіпорын және шаруашылықтар, заңды тұлғалардың ақылы материалдары (мақалалары) үшін (шаршы см)-150 теңге

Хабарландыру, жарнама, құттықтаулар:
Жеке тұлғалар үшін (шар-

шы см)-100 теңге

Көңіл айту:
Заңды тұлғалар үшін-5000 теңге

Жеке азаматтар үшін-3000 теңге

2024 жылдың I-II жарты жылдығына «Созақ үні» газетіне жазылу бағасы:

«Қазпошта» Ақ арқылы жеке тұлғалар үшін-2662 теңге 74 тиын.

Мекемелер мен кәсіпорындар үшін-3862 теңге 74 тиын.
«Ернұр –пресс» ЖЖШС арқылы жеке тұлғалар үшін-2730 теңге

«Редакция» арқылы жеке тұлғалар үшін-2500 теңге
Газеттің сатылу құны:-150 теңге.

«Созақ үні» газеті редакциясы.

Ботулизмнен сақтанайық!

Ботулизм қоздырғышы топырақта, сондай-ақ ауырмаған малдардың ішектерінде болады. Ботулизмді туындататын анаэробты таяқшалар, ауа жоқ жерде көбейеді. Оның беті ашық ыдыстағы ашытылған капустада, тұздалған қиярда, қозықұйрықта қоздырғышы кездеспейді. Қауіп жабылған банкілерде болады. Бұл науқастың инкубациялық мерзімі 2-сағаттан 10-тәулікке дейін жетеді, алайда көбіне 12-сағаттан 24-сағатқа дейін созылады. Үй жағдайында консерві жабушылар жабық банкілерді дұрыстап қайнатса болды деп есептейді. Өкінішке орай бұл жеткіліксіз. Саңырауқұлақ, көкөністер тазаланып жуылмаса, консервлеу технологиясы сақталмаса, жабылған консервілер сақтау барысында улы заттар шығарады, былайша айтқанда у бөледі. Ботулизмнің уы өте қатерлі. Көбінесе консервленген өнімдердің дәмі, түсі өзгермейді. Ботулизмнің алғашқы белгілері: әлсіздік, бастың айналуы, бастың ауруы, ауыздың құрғауы, лоқсу, құсу. Бірнеше сағаттан соң, кейде 1-2 күннен кейін ботулизм көзге әсер етеді, заттар қосарланып көрінеді, оқуға мүмкіндік болмай қалады. Көздің қарашығы үлкейіп кетеді, қозғау қиындайды, жүргенде теңселіс пайда болады, тыныс алу бұзылып, кейде тіпті тынышып өлуі де кездеседі.

Сондықтан естеріңізде болсын:

- 1.Өнімдердің консервілеудің режимін сақтау, уксус немесе лимон қышқылын міндетті түрде пайдалану.
- 2.Үйде әзірленген консервілерді пайдалану алдында 15-20 минуттай қайнату немесе қуыру.
- 3.Қақпағы көтерілген, түсі бұзылып иісі шыққан банкілерді жедел түрде жою қажет, тіпті дәмін де татуға болмайды.
- 4.Консервіленген қозықұйрықтарды тағам әзірлеуге пайдаланар алдында аса жоғары температурада термиялық өңдеуден өткізген жөн.
- 5.Үй жағдайында консервіленген азық-түліктерді базардағы және көшелердегі сатып жүрген белгісіз адамдардың қолынан сатып алмау қажет.
- 6.Аурудың белгісі пайда болған жағдайда өнім қалдықтарын тастамай зертханалық бақылауға сақтаңыздар.

А.КУЛМЕНОВ,

Созақ аудандық бөлімшесінің зертхана меңгерушісі.

А.ТАСХОДЖАЕВА,

ҚР ДСМ СЭБК «УСО» ШЖҚ РМК ТО бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі бактериологиялық және паразитологиялық зертеулер зертханасының маманы.

Орманды тілсіз жаудан сақтайық!

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессең, он тал ек» деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауынды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақпаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға ықтасын пана беріп, жейтін азық болатынын естен шығармайық.

Табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ауданымыздағы мол байлық орманды көздің қарашығындай сақтаған абзал.

Әсіресе өртке өте сақ болуымыз керек. Абайсызда жасалған өрт бүкіл орманды қиратуы мүмкін. Техникалардан шығатын ұшқындарға да абай болуымыз керек.

Сонымен қатар орманды бей-берекет бүлдіруге жол бермеуге тиіспіз. Табиғат аясында қыдырған, демалған кезде қалдықтарды далаға бей-берекет тастау дұрыс емес.

Айналамыздың көрікті болуы бәрімізге байланысты. Тоғай-ормандарды өрттен қорғау-басты назарда болуы міндетті.

Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның тазалығына, орманды жерлердің өсіп-өнуіне баршамыз болып атсалысқанымыз дұрыс. Сондықтан орман өрті болдырмауға сақдай-сай болғанымыз бәріміз үшін маңызды.

Талғат САДУОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Жалпы ұғым бойынша сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік жағымсыз әрекеттердің жиынтығы. Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әрбір мемлекетке тән, әлемдік ауқымдағы проблемаға айналып отыр. Сыбайлас жемқорлық елдің экономикасына, саясатына, әлеуметтік саласына ықпал етеді, ал

ның себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың ден-

Қоғам дертінен арылу-болашағымыз үшін маңызды

оның залалы қоғамның дамуына кері әсерін тигізіп, еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіреді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруы-

деуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Бүгінгі таңда қоғам дертіне айналып отырған бұл індетпен ел болып, халық болып бірлесе күресуге міндеттіміз. Себебі, бұл жағымсыз дерттен арылу болашағымыз үшін өте маңызды болып табылады.

Тұрар ҚАЛДЫБЕКҰЛЫ,
Қаратау ауылдық округі әкімінің кеңесші-іс басқарушысы.

Біз-сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз

Жемқорлық - мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы ұғымды күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Ре-

спубликасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуге керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адамгершілікке жат-қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас – жемқорлық - бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді.

Бұл кесел дамушы елдер-

дегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тамыры тереңнен жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу - біздің басты міндетіміз.

А.КУЛМЕНОВ,
ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесінің зертхана меңгерушісі.

Туберкулездің алдын алу

Туберкулез әлемдегі ең көп таралған аурулардың біріне жатады. Біздің медицина алдын алу, науқастарды ерте анықтау және тиімді емдеу құралдарымен қамтылған. Егер туберкулезге тән белгілер пайда болса және уақтылы емделсе, туберкулезді жұқтырудан және оның асқынуларынан аулақ болуға болады.

Инфекцияның негізгі көзі – туберкулездің белсенді түрімен ауыратын науқас, ол сыртқы ортаға жөтелгенде және түшкіргенде қақырықпен бірге туберкулез таяқшаларын шығарады.

Туберкулездің негізгі белгілері: 2 аптадан астам жөтел, кеуде тұсындағы ауырсыну, түнгі терлеу, дене салмағының төмендеуі, температураның 37 - 37,5 градусқа дейін ұзақ уақыт көтерілуі, жалпы шаршау. Бұл белгілер басқа ауруларда да пайда болуы мүмкін. Мұндай белгілердің себебін тек медицина қызметкері анықтай алады. Жөтел туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын науқастарда негізгі симптом болып табылады.

Туберкулездің алдын алу бірнеше кезеңнен тұрады:

Спецификалық – бұл баланы туғаннан кейін 2-4-ші тәулікте перзентханада вакцинациялау. Вакцинация нәтижесінде баланың денесінде иммунитет пайда болады, ол белгілі бір уақытқа созылады. Сондықтан бірнеше жылдан кейін балаларды 6 жасында бір рет ревакцинациялау жүргізіледі.

Балалардағы аурудың алдын алуда туберкулезге қарсы вакцинация жүргізу, жұқтырған туберкулин сынамааларын уақтылы анықтау және уақтылы сауықтыру шараларын қабылдау өте маңызды.

Сонымен қатар, балаңызды вакцинациялау туралы мәселелерді шешкен кезде, ең

алдымен, интернеттен алынған негіздері жоқ ақпаратқа, медициналық білімі жоқ, осы салаға кездейсоқ адамдар орналастырған ғылыми зерттеулерге емес, нақты ғылыми мәліметтерін, вакцинопрофилактика саласындағы ғалымдардың, мамандардың ғылыми негізделген ақпарат көздерін, жарияланымдарын басшылыққа алу керек.

Профилактикалық екпелерден бас тарту арқылы ата-аналар баланы инфекциялардан және оның зардаптарынан қорғау құқығынан айыратынын есте ұстаған жөн.

Санитариялық-эпидемияға қарсы профилактика инфекцияның таралуын болдырмауға бағытталған мынадай шаралар кешенін қамтиды:

- ересек тұрғындарды тұрақты флюорографиялық қарап-тексеруден өткізу;
- балалардағы туберкулезді уақтылы анықтау үшін тәуекел тобындағы балаларға МАНТУ сынамасын қою;
- туберкулезбен ауыратын науқаспен байланыста болған адамдарды уақтылы тұрақты қарап-тексеру;
- туберкулез инфекциясы ошағында санитариялық іс-шаралар өткізу (науқасты оқшаулау және емдеу, дезинфекция жүргізу);
- науқастар мен байланыста болған адамдардың санитариялық-гигиеналық дағдыларын әзірлеу, халықтың санитариялық сауаттылығын арттыру.

Туберкулезге қарсы күрес –біз бәріміз бірге осы қауіпті аурумен күрескен кезде ғана сәтті болады.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.



Қазақ күресінен ашық біріншілік өтті

Ұлу жылы да Созақ спорты үшін табысты басталды! Нақтырақ айтсақ, 2024 жылдың 3-ші ақпан күні “Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың туғанына 130 жыл” толуына орай Қазақ күресінен Созақ спорт клубының ашық біріншілігі өткен болатын. Ауданымыздың кілең білекті де белді балуандарын жиған ашық біріншілікті аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Еспенбетов Қабылбек, ардагер спортшы Шәдібеков Анарбай, Созақ аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы Сапаров Мұрат ағаларымыз сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеп ашып берді. Жалпы, жарысқа ауданымыздан барлық салмақ дәрежесі бойынша 83 балуан қатысып, алты салмақ дәрежесі

мақта: I-орын Аппаз Дияс (Шолақорған ауылы); II-орын Дәулер Жандос (Шолақорған ауылы); III-орын Өмірзақ Ердаулет (Шолақорған ауылы); III-орын Өмірзақ Заңғар (Бабата ауылы); 82 кг салмақта: I-орын Дәмен Дәурен (Шолақорған ауылы); II-орын Орал Нұрлыбек (Жартытөбе ауылы); III-орын Садуақасов Жеңіс (Шолақорған ауылы); III-орын Абдрахман Дархан (Аққолтық ауылы); 90 кг салмақта: I-орын Мыңжасар Алпамысов (Шолақорған ауылы); II-орын Мейрманов Ернұр (Жартытөбе ауылы); III-орын Ергали Нұржан (Шолақорған ауылы); III-орын Өмірәлі Азамат (Жартытөбе ауылы); +90 кг салмақта: I-орын Тұрсын Бақберген (Шолақорған ауылы); II-орын Беркінбаев Жа-

таев Жетілген, Пардабек Сақтапбергенұлы, Сопбеков Әліпбек, Сахиұлы Әбубәкір, Созақ аудандық №1 БЖСМ директоры Байғараев Айтөре, Созақ аудандық №2 БЖСМ директоры Сарсенбаев Бахтыбай Жарыс жеңімпаздарын марапаттап, арнайы сыйлықтарды табыстады. Ұйымдастырушылар есебінен, Жеңімпаз спортшыларға арнайы медаль грамоталар мен бірге бағалы сыйлықтар табысталды. Осы ретте, барлық салмақтағы жеңімпаздар мен жүлдегерлерге ақшалай сыйлықтар табыстаған Көбеев Марат пен Беркінбаев Жантөреге, “Үздік әдіс жасағаны” және “Жақсы күрескені үшін” номинациясына ақшалай демеушілік жасаған Атабаев Жомарт пен Абуов Талғаттарға Қазақ күресінен алғаш рет ауданымыздың ашық біріншілігін өткізіп отырған Созақ спорты клубы алғыс айтады.

Ауданымызда алғаш өтіп отырған ашық біріншіліктің өтуін, ұйымдастырушы Созақ клубының басшылығына аудандық спорт саласының майталманы, талай төрткүл дүниеге танымал балуандарымыздың бабын келтіріп, бағын жаққан Созақбай Қалиевтің келуімен байланыстыруға болады. Бұған дейін аудандық БЖСМ-де жаттықтырушы, директорының орынбасары қызметтерін атқарған Созақбай Мұратұлы Созақ спорт клубына келгенге дейін спортшы ретінде де басшы ретінде де әбден тәжірибе жинақтаған уақыты бұл. Ендеше, осы Созақ спорты клубының алғашқы басшысы Бекқұлиев Талғат Нағиұлының жемісті жұмыстарын жалғап, аудан спортын бұдан да жарқын белестерге бастайды деп, Қалиев Созақбай Мұратұлына сенім білдірмеді. Сондай-ақ, «Созақ спорты клубы» ұжымына, оның басшысына спорттық өмірлеріне, жалпы жұмыстарына біз де газетіміздің және оқырмандарымыздың атынан: «Сәттілік серік болсын!» дейміз!

Данияр ҚҰЛ-АХМЕДУЛЫ.



бойынша боз кілем үстінде кіл мықтыны анықтады. Атап айтар болсақ:

60 кг салмақта: I-орын Тамабай Жасұлан (Шолақорған ауылы); II-орын Тышанбай Болат (Жартытөбе ауылы); III-орын Әлиев Бекнұр (Таукент кенті); III-орын Берікұлы Жасұлан (Жартытөбе ауылы);

66 кг салмақта: I-орын Берікбай Дамир (Балдыс ауылы); II-орын Өтепбай Нұрқанат (Балдыс ауылы); III-орын Сиязбеков Талғат (Таукент кенті); 74 кг сал-

зылбек (Шолақорған ауылы); III-орын Тоқаев Нұрлыбек (Шолақорған ауылы); III-орын Амангелдиев Дидар (Тасты ауылы). Сондай-ақ, “Үздік әдіс жасағаны” үшін Тамабай Жасұлан және “Жақсы күрескені” үшін Өтепбай Нұрқанаттар да арнайы марапатталды. Алғаш рет өткізіліп отырған ауданымыздың Қазақ күресінен ашық біріншілікке құрметті қонақ ретінде Созақ спортының жанашырлары, ардагер спортшыларымыз келіп қатысты. Сол кісілерден: Сарман-

Созақ көкпары өзін танытуда

Халқымызда “Тұлпарда да тұлпар бар қазанаты бір бөлек, Жігітте де жігіт бар азаматы бір бөлек” деген қанатты сөз бар. Қазақ халқының ұлттық ойындарының ішінде бірі де, бірегейі көкпар екені даусыз. Атадан балаға мирас болып келе жатқан көкпарсыз қазақ өмірін елестете алмаймыз. Орта Азия елдері және Ауғанстанда да осы ойынға деген қызығушылық өте жоғары. Елімізде соңғы он жылдықта көкпар ойынына кең қолдау білдіріліп жатыр. Арнайы көкпар федерациясы ашылып ел біріншіліктері, халықаралық турнирлер ұйымдастырылуда. Атқұмар азаматтар көкпар аттарының тұқымын жақсартып бабын келтіріп додаға қосуда. Кәзір тойларда көкпар беру үрдісі кең етек алды. Бұл да ұлттық ойынымыздың дамуына өзіндік



ықпалын жасауда. Созақтың иен даласы тұлпардың тұяғының дүрсілі мен көкпаршылардың қиғуынан қашан да кенде болған емес. Созақ ауданында көкпар десе “ішкен асын жерге қоятын” палуандар Сызған ауылында десем ешкім қарсы келе қоймас. Өйткені, көкпар бұл ауылда ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатыр. Кеше Жанәділ, Тыныс, Пионер, Тынысбай, Қасымбек және де басқа көкелеріміз, одан кейін Дулатбек (Қаражан), Бектеміс, Бақыт, Құралбек ағаларымыз серкені тақымына басса, кәзір сол кісілердің балалары Ақжан, Нұржігіт, Бақытжан, Ноян, Нұрлан секілді жастарымыз доданы дүркіретуде. Федерацияның құрылғанына 2-3 ай уақыт болса да облыс көлемінде болып жатқан додаларда аудан жігіттері жүлдесіз қайтқан емес. Түркістан облыстық көкпар федерациясы қоғамдық бірлестігінің жылды қортындылау жиынында Әуелбек Ноян Жасұланұлы облысымыздың үздік көкпаршысы қатарынан көрініп алғыс алса, “Еркекүрең” сәйгүлігін баптап қазақтың ұлттық спорты көкпарды дамытуға қосқан сүбелі үлесі үшін Әуелбекұлы Жасұлан да ұйым төрағасының алғыс хатымен марапатталды. Әкелі-балалы азаматтарды осы елеулі жетістігімен құттықтаймыз. Сонымен қатар, «Үздік төреші» Әбілдаев Аман, «Үздік» атбегі-Жантөре Ниетқабил, «Үздік шабандоз» Жандос Сакенұлы, «Көкпар жанашыры-Бурабай Жұпарбайұлы арнайы атымдарға ие болды. Бұл Созақ көкпарына берілген жоғары баға деп те ойлаймын-дейді, Созақ жаппай көкпар федерациясының төрағасы Мәди Лесбекұлы.

Сержан БЕГМАНҰЛЫ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілшілер-
Нуржамал МАЙУСОВА
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Багила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолақорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.